

Студенттің ғылымдағы құқықтық ролі

3 наурызда Шымкент университетінің "Құқық және тарих" кафедрасына қарасты "Q & Tar" ғылыми үйірмесінің кезекті отырысы өтті. Отырыстың тақырыбы «Студенттің ғылымдағы-құқықтық ролі» деп аталып, студенттердің ғылыми қызметтегі белсенділігі мен құқық саласындағы зерттеулердің маңызы талқыланды.

Іс-шараға Тр-123 және Тр-223 топтарының студенттері қатысып, өздерінің ғылыми баяндамаларын ұсынып, құқықтық ғылымның өзекті мәселелері бойынша пікір алмасты. Отырыста студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын дамыту, құқықтық білімді тереңдету және болашақ кәсіби қызметте ғылымның ролін арттыру мәселелері кеңінен қарастырылды.

Кездесу барысында қатысушылар ғылыми ізденістердің маңыздылығын атап өтіп, студенттердің ғылыми жобалар мен зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуы олардың кәсіби дамуына үлкен мүмкіндік беретінін айтты.

Осындай ғылыми үйірме отырыстары студенттердің зерттеу дағдыларын қалыптастыруға, құқықтық мәдениетін арттыруға және ғылымға деген қызығушылығын дамытуға бағытталған маңызды алаң болып табылады.

